ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 24 мамыр №7119-24-00-2/5719 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Каз Тендер Тайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Каз Тендер Тайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Каз Тендер Тайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Каз Тендер Тайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 24.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024
7119-24-3-1/5146

«Каз Тендер Тайм» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 445 (төрт жүз қырық бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын, 13 (он үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 24.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024

7119-24-3-1/5146